



Автор: Мейрманова Нагима Битимбаевна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары

Тақырып: Топырақ не үшін қажет?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.4.1 кейбір ағзалардың тіршілігіндегі топырақтың рөлін түсіндіру;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: кейбір ағзалардың тіршілігіндегі топырақтың рөлін түсіндіреді. Көптеген оқушылар: қандай ағзалар топырақсыз тіршілік ете алмайтынын біледі. Кейбір оқушылар: адамның өміріндегі топырақтың рөлін айтып береді.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Топырақ. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Топырақ тек жануарларға қажет пе? Тағы қандай тірі ағзалар қоректік заттарды топырақтан алады? Адам өмірінде топырақ қандай рөл атқарады? Егер топырақ жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіне жарамсыз болып қалса, не болады?
Бағалау критерийлері:	кейбір ағзалардың тіршілігіндегі топырақтың рөлін түсіндіреді. қандай ағзалар топырақсыз тіршілік ете алмайтынын біледі. адамның өміріндегі топырақтың рөлін айтып береді.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Заттар және олардың қасиеттері. Табиғи ресурстар туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады.
Бастапқы білім:	Оқушылар «табиғи ресурстар» ұғымының мағынасын түсінеді және оларды жіктей алады. Табиғи ресурстардың түрлерін мен көздерін біледі, олардың адам тіршілігіндегі алатын орнын бағалай алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау) Жаңа топ құру. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Суқұбыр қалай жұмыс істейді? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Топырақ – қалыңдығы 1-1,5 метрге жететін жердің үстіңгі құнарлы қабаты. Топырақтың құрамында органикалық және бейорганикалық (қатты, сұйық, газ тәріздес) заттар бар. Топырақ – көптеген жануарлар үшін тіршілік ортасы. Олар өздеріне ін қазады, топырақты қопарып, қопсытады. Ол үшін жануарлар бірқатар ерекше қасиеттерге ие болуы керек, яғни денесі кішірек әрі жұп-жұмыр, тығыз әрі қысыңқы, икемді әрі жинақы, аяқтарының тырнақтары қатты әрі берік, денелері сүйір пішінді, тығызболуы тиіс. Өсімдіктер де топырақсыз тіршілік ете алмайды. Себебі топырақ өсімдіктің сабағын ұстап тұрады және қоректік заттармен қамтамасыз етеді. Топырақ барлық шаруашылық түрлерінде үлкен рөл атқарады. Адамдар азық-түлікті топырақтың арқасында алады. Олар жержыртып, көгөністер мен жемістерді егеді, саңырауқұлақтар мен жидектер, дәрілік шөптер жинайды, мал бағады. Ширату тапсырмасы. Топырақ тек жануарларға қажет пе? Тағы қандай тірі ағзалар қоректік заттарды топырақтан алады? Адам өмірінде топырақ қандай рөл атқарады? Егер топырақ жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіне жарамсыз болып қалса, не болады? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда) 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер» Дескриптор: □ кейбір ағзалардың тіршілігіндегі топырақтың рөлін түсіндіреді. □ қандай ағзалар топырақсыз тіршілік ете алмайтынын біледі. □ адамның өміріндегі топырақтың рөлін айтып береді. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>	
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.</p>	
Рефлексия	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.</p>	